

Қарғабаяева С.Т.,  
Изатуллаева Б.С.,  
Батырова Н.Т.

**Қазақстанның агроөнеркәсіп  
өндірісінің қазіргі жағдайы  
және экономикалық  
дамудағы рөлі**

Қазақстанның агроөнеркәсіп өндірісінің қазіргі жағдайы және экономикалық дамудағы рөлі бүгінгі таңда өте өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Қазақстанның бүгінгі агроөнеркәсіп кешенінің әлеуетін, халқын асырауға ғана емес, сонымен бірге аграрлық өнімдердің көптеген түрлендіріп экспортына өндіру есебінен дүниежүзіндегі алдыңғы қатарлы ауыл шаруашылық мемлекеті болуына мүмкіндіктері бар. Ауыл шаруашылығының негізгі міндеті ішкі нарық және сыртқы нарықтарда жетекші орындарды алу мақсатында экспорттық ресурстарды қалыптастыру үшін жеткілікті көлемдерде ауыл шаруашылығы өнімінің тиімді өндірісін қамтамасыз ету арқылы елдің экономикалық дамуында өз үлесін қосу болып табылады.

Экономиканың басқа секторларына қарағанда ауыл шаруашылығында күтпеген және жойқын факторлардың үлесі жоғары. Күтпеген факторлардың әсерінен ауыл шаруашылығы өндірісінің өнімділігі төмендеп, ал кей жағдайларда мүлдем жойылуына алып келу ықтималдылығы жоғары. Сондықтан, әрбір ауыл шаруашылығы кәсіпорындары мен шаруа қожалықтарында осындай факторларды ескеретін тәуекелді басқару жүйесі қажет.

**Түйін сөздер:** Агроөнеркәсіп өндірісі, агроөнеркәсіп кешенінің әлеуеті, ауыл шаруашылық өнімдері, ауыл шаруашылығында тәуекелді басқару, «Агробизнес – 2020» бағдарламасы, экономикалық даму.

Kargabayeva S.T.,  
Izatulaeva B.S.,  
Batyrova N.T.

**Current status and role in  
the economic development  
of agricultural production of  
Kazakhstan**

This article discusses the current state of agricultural production and its role in economic development, which is an actual problem. The analysis of the agro-industrial potential of Kazakhstan and the current state of the country's agricultural production. Considered the need for and the role of agriculture in economic development, as well as problems in the sphere of agricultural production. Authors offered the ways of solving the problems in the agricultural sector of the country.

Agriculture is highly exposed to unexpected and disruptive factors compared with other sectors of the economy. Under the influence of unexpected factors, the performance of agriculture can dramatically decrease, and in some cases there is a risk of complete disappearance of the crop. Therefore, for each agricultural enterprise risk management system is necessary to take into account such factors.

**Key words:** rural areas, socio-economic development of rural areas, rural development programs, strategic planning at the regional level, local management.

Қарғабаяева С.Т.,  
Изатуллаева Б.С.,  
Батырова Н.Т.

**Современное состояние и роль  
в экономическом развитии  
сельскохозяйственного  
производства Казахстана**

В данной статье рассматривается современное состояние агропромышленного производства и его роль в развитии экономики страны. Дается анализ агропромышленному потенциалу Казахстана и нынешнему состоянию сельскохозяйственного производства страны. Рассматриваются необходимость и роль сельскохозяйственного производства в экономическом развитии страны, а также проблемы в сфере сельскохозяйственного производства. Предлагаются пути решения проблем в секторе сельского хозяйства страны.

По сравнению с другими секторами экономики сельское хозяйство высоко подвержено неожиданным и разрушительным факторам. Под их воздействием производительность сельского хозяйства может резко снизиться, а в некоторых случаях есть риск полного исчезновения урожая. Поэтому для каждого предприятия сельского хозяйства необходима система управления рисками для учета таких факторов.

**Ключевые слова:** агропромышленное производство, потенциал агропромышленного комплекса, сельскохозяйственная продукция, управление рисками в сельском хозяйстве, программа «Агробизнес-2020», экономический рост.

<sup>1</sup>Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті  
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

<sup>2</sup>Қ.А. Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті,  
Қазақстан Республикасы, Түркістан қ.

\*E-mail: k\_saulshka@mail.ru

## ҚАЗАҚСТАННЫҢ АГРОӨНЕРКӘСІП ӨНДІРІСІНІҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУДАҒЫ РӨЛІ

Бүгінгі таңда Қазақстан экономикасы дамудың жаңа деңгейіне өтті. Экономикалық дамудың жаңа деңгейінің айтарлықтай ерекшеліктері ретінде мыналарды атап көрсетуге болады:

– әлемдік сауда ұйымдары нарықтарында тауарлармен еркін сауда;

– әлемдік нарық сегментіндегі бәсеке және экономикалық қарым-қатынаста елдердің әлемдік қауымдастыққа жаһандануы.

Қазақстан Республикасы бұл қарым-қатынастарда ең соңғы орында емес. Соңғы жылдардағы республика экономикасының дамуы жоғары экономикалық өсу қарқынымен, 10%-дан жоғары жалпы өнімді шығарумен сипатталады. Мұндай жағдайда аймақтық экономика тұрақтылығы, әлемдік нарықта бәсекеге қабілеттілікке табысты қолайлылық жағдай орнатуға тәуелді болады.

Агроөнеркәсіптік өндірістің соңғы нәтижелері тек тікелей ауыл шаруашылығының даму деңгейіне ғана емес, сонымен қатар соған қызмет көрсететін салаларға да байланысты. Ауыл шаруашылығының өндіріс көлемі ұлғайған сайын материалдық-техникалық ресурстарды, қажетті шикізаттарды, қосалқы материалдарды т.б. жұмсау мөлшері де ұлғаяды. Шаруашылық электр-энергияға, көлікке, байланыс құралдарына, өнімдерді сақтауға деген қажеттіліктері де көбейеді.

Қазақстанның бүгінгі агроөнеркәсіп кешенінің әлеуетін халқын асырауға ғана емес, сонымен бірге аграрлық өнімдердің көптеген түрлендіріп экспортына өндіру есебінен дүние жүзіндегі алдыңғы қатарлы ауылшаруашылық мемлекет болуына мүмкіндіктері бар. Жақын арада республика экспортының негізгі бағыттары: бидай, мақта талшығы, ет, жүн, қаракөл терісі, былғары және тон-тері шикізаты болып қалмақ. Ұзақ болашақта дайын өнімнің экспортына бағдарлану, ол үшін бәсекеге қабілетті өнім өндіретін технология мен техниканы пайдалану негізінде қайта өңдеуші өнеркәсіпті дамыту қажет.

Қазақстанның агроөнеркәсіп өндірісіндегі нарықтық экономиканың дамуы және әлемдік дағдарыс кезінде экономиканың аграрлық секторының жағдайын шиеленістіре түсетін мемлекеттік қаржылық қолдаудың күрт қысқаруы, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылық өнімдеріне баға диспаритетінің күшейе түсуі тәрізді бірқатар факторлардың жағымсыз әсерімен өте қолайсыз,

дағдарысты қалыпта жүргізуде. Соның салдарынан бүгінде ауылдық тауар өндірушілердің материалдық-техникалық жабдықтармен қамтамасыз етілу деңгейі өте төмен және өндірген өнімдерін өткізу жүйесі мардымсыз дамыған жағдайда [1].

Өнімділіктің тұрақсыздығы және өндірістік ресурстар нарығындағы, әсіресе, ауыл шаруашылығы өнімдері нарығындағы бағаның тұрақсыздығы, сонымен бірге кәсіпорындардың қаржы ресурстарының құрылымының оңтайлы болмауы мен олардың жағдайының аграрлық саясаттағы өзгерістерге тәуелділігі – аграрлық саладағы тәуекелдің неғұрлым маңызды көздері болып саналады. Тәуекелді бағаламау мен оны төмендету тәсілдерін дұрыс қолданбау кәсіпорындарды күрделі қаржылық мәселелерге алып келетінін тәжірибе көрсетіп отыр.

Нарықтық экономика жағдайында ауыл шаруашылығында тәуекелді басқару үшін түрлі стратегиялар қолданылуы мүмкін, атап айтсақ: салаларды үйлестіру, өндірісті түрлі табиғи-экономикалық аудандарда орналастыру, жергілікті табиғи-экономикалық жағдайларға бейімделген технологияларды қолдану, сақтандыру, несиелендіру, ауыл шаруашылығы өндірісінен тыс табыс көздерін іздестіру. Ауыл шаруашылығы өнеркәсібінде сапалы секіріс жасау толықтай қолымыздағы нәрсе. Бұл үшін бізге жаңа тұрпаттағы мемлекеттік ой-сана қажет болады [2]. Ауыл шаруашылығының негізгі міндеті ішкі нарық және сыртқы нарықтарда жетекші орындарды алу мақсатында экспорттық ресурстарды қалыптастыру үшін жеткілікті көлемдерде ауыл шаруашылығы өнімінің тиімді өндірісін қамтамасыз ету болып қала береді. Қойылған міндеттерге қол жеткізуді Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін жағдайлар жасауға бағытталған «Агробизнес – 2020» бағдарламасының шеңберінде шешу көзделіп отыр. Сонымен қатар, одан әрі субсидиялау үрдісін автоматтандырумен АӨК субсидиялау жүйесін ғаламдық қайта құру жоспарланған. Бұл реформа ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді өз өндірісінің тиімділігін арттыруға және ұзақ мерзімді болашаққа жұмыс істеуге, жабдықты жаңартуға, еңбек өнімділігін арттыруға ынталандыруға ықпал ететін болады. Бұдан басқа, шет елдерінің тәжірибесін ескере отырып, өсімдік шаруашылығындағы сақтандыру саласындағы заңнаманы жетілдіру, сондай-ақ мал шаруашылығында сақтандыруды енгізу жоспарланып отыр. Астық саласындағы заңнамаға астық қолхаттарының электрондық тізілімін енгізуді көздейтін өзге-

рістер енгізу көзделген, бұл астық қолхатына сенімді және инвестициялық тартымдылықты арттыруға мүмкіндік береді. Суға су шаруашылығы жүйелері мен ғимараттарын қайта құруға, жаңартуға және қалпына келтіруге, сондай-ақ суармалы жерлерді қалпына келтіруге бағытталған нарықтық тарифтерді белгілеу арқылы суға тарифтік саясатты жетілдіру қажеттілігі бар. Жоғарыда айтылған шараларды іске асыру нәтижесінде отандық АӨК-нің бәсекеге қабілеттілігін арттыруды қамтамасыз етуге мүмкіндік берді. Мемлекеттік қолдау шараларының тиімділігін арттыру және ауыл шаруашылығы өндірісін технологиялық жаңартуды ынталандыру мақсатында агроөнеркәсіптік кешенді субсидиялауды реформалау бойынша жұмыс басталды. Өндірістік көрсеткіштерді айтар болсақ, жалпы ауыл шаруашылығы өнімінің көлемі ағымдағы жылғы 10 айда 1,9%-ға (2,2 трлн. теңге) ұлғайды. Бұл ретте, өсімдік шаруашылығы өнімінің көлемі 1,2%-ға және мал шаруашылығы өнімі –2,9%-ға (тиісінше 1 233,5 млрд. теңге және 1 004,0 млрд. теңге) артты. Тамақ өнімдерінің негізгі капиталына инвестициялар 38,4%-ға (44,1 млрд. теңге) ұлғайды. Қолайсыз табиғи жағдайларға қарамастан, әжептәуір егін жиналды. Бастапқы салмақта шамамен 20,0 млн. тонна астық (орташа өнімділігі – 13,5 ц/га), бұл өткен жылғы деңгейден 20,6%-ға артық (2014 жылы – 16,5 млн. тонна). Бұл ретте, бидайдың жалпы түсімі алдыңғы жылдың деңгейімен салыстырғанда 2,1%-ға, жем-шөптік дақылдар – 18,7%-ға, жарма дақылдар – 10,8%-ға артқан. Жылқы саны 8,2%-ға (2093,8 мың бас), ірі қара мал – 2,9%-ға (6 507,3 мың бас), қой – 1,2%-ға (17,3 млн. бас), құс – 4,6%-ға (38,2 мың бас) артты. Ет өндірісі 2,8%-ға (704,7 мың тонна), тауық жұмыртқасы 11,3%-ға (3 963,1 млн. дана), сиыр сүті 2,3%-ға (4 514,4 мың тонна) артты. Азық-түліктің негізгі түрлері бойынша ішкі нарықтың отандық өндіріс есебінен қамтамасыз етілуі 80%-дан асады. Заттай мәнде көкөніс шырындарының өндірісі 32,6%-ға, қышқыл сүт өнімдері 6,5%-ға, ірімшік пен сүзбе 2,3%-ға, балмұздақ 6,8%-ға, кондитерлік өнімдер (қысқа мерзімге сақталатын) 2,8%-ға, еттен жасалған консервілер 2,3%-ға артты.

Мемлекеттік қолдаудың жаңа тетіктеріне келетін болсақ, агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін қаржылық сауықтыру үшін бүгінгі күні «ҚазАгро» Холдингі 2 млрд. АҚШ долларына жуық сомаға еуробондтарды тартты. Агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін 2013 жылдан бүгінгі күнге дейін қаржылық сауықтыруды іске асыру нәтижелері бойынша агроөнеркәсіптік ке-

шен субъектілерінің жалпы сомасы 311,1 млрд. теңгеге 274 берешегі мақұлданды. Бағдарламаның негізгі көрсеткіші 300,0 млрд. теңге сауықтырылатын берешек сомасы екенін ескерсек, бұл толық орындалды [3].

Барлық шаралар кредит жүктемесін жеңілдетуге және ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің көп бөлігінің банкрот болуына жел бермеуге ықпал етуде. Сонымен қатар, қазіргі уақытта Министрлік агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің сауықтырылатын кредиттік және лизингтік міндеттемелерін 400,0 млрд. теңгеге дейін ұлғайту бойынша жұмыс жүргізуде, осы ретте «Агробизнес – 2020» бағдарламасына тиісті өзгерістер енгізетін болады. Көрсетіліп жатқан мемлекеттік қолдау ауылда бизнесті дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасауға мүмкіндік береді, салаға жеке инвестициялар тартуға ықпал етеді, бөлінетін бюджеттік қаражаттың тиімділігін арттырады.

Негізі Қазақстанда өндірілетін шикізаттың барлығын өңдеуге мүмкіндік бар. Мысалы, қазіргі таңда ет, сүт, астық, жеміс-жидектер, көкөністер кеңінен өңделеді. Ал, саланың басымдығы оның рентабельділігіне және шығарылатын өнімінің бәсекеге қабілеттілігіне байланысты.

Өздеріңіз білетіндей, Қазақстанның ұнына, одан жасалған өнімдерге Орталық Азия мемлекеттерінде деген сұраныс көп, яғни бұл сала көбінесе экспортқа бағытталған және оның даму қарқыны жоғары деуге болады. Сүт өңдеу саласы көбінесе ішкі нарықты қамтамасыз етуге бағытталған және оның даму қарқыны орташа болып есептеледі. Ет өңдеу саласы қазіргі таңда өрлеу барысында. Қазақстанның ет өнімдеріне деген сұраныс мол және ол ұлғаяды деген болжамдамыз. Мәдениетімізге қарай жеміс-жидектер, көкөністер өнімдерін көбінесе шикідей тұтынамыз, олардың өңдеу деңгейі төмен деуге болады және оны әлде қайда ұлғайтуға мүмкіндігіміз бар.

Жалпы қайта өңдеу саласы инвестициялар тұрғыдан тиімді. Оған жыл сайын салаға инвестицияларды тарту қарқыны дәлел деуге болады. Мысалы, өткен жылдың қорытындысы бойынша негізгі капиталдағы инвестициялар 40,8 млрд. теңгені құрады. Бірақ әлі де болса инвестицияларды тартудан басқа шешетін мәсілілер көп. Бұл бағытта тиісті жұмыстар атқарылуда.

Соңғы жылдары экспорттың құрылымы айтарлықтай өзгермеген, ал географиясы кеңейген. 2014 жылы тамақ өнеркәсібі экспортының көлемі 1136,8 млн. АҚШ долларын құрады, бұл 2013 жылмен салыстырғанда 3,8 %-ға кем (1181,3

млн. АҚШ доллары). Экспорттың жалпы құрылымында ұн 49,4 %-ды, мақта талшығы 7 %-ды, балықтың жон еті 5,9 %-ды, алкогольсіз сусындар 3,9 %-ды, шоколад 3,7 %-ды алады. Қазақстан ұны Ауғанстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан, Түрікменстан, Моңғолия мен Ресей секілді елдерге экспортталған.

Басқа азық-түлік өнімдерінің экспорты негізінен ТМД елдері: Қырғызстан, Ресей, Өзбекстан, Түрікменстан және Тәжікстан, Ауғанстанға шығарылады. Кондитерлік бұйымдар мен шоколад сондай-ақ Германияға, Қытайға, макарондық бұйымдар – Грузия мен Моңғолияға жеткізіледі.

Жалпы экспортқа бағыт болмаса саланы дамыту мүмкін болып табылмайды. Сондықтан экспорттық әлеуетті дамыту қайта өңдеу кәсіпорындарының қызметінде стратегиялық рөлді ойнайды және қолданыстағы артықшылықтарды белсендірудің құралы болып табылады.

Дәнді дақылдардан өзге, болашақта майлы дақылдарды, ет-сүт өнімдерін, макарон мен кондитерлік өнімдерді және жарма экспортын дамыту бағыты ең перспективалы. Сонымен қатар, «Ірі кара мал етінің экспорттық даму мүмкіндігі» жобасы шеңберінде ІҚМ етінің және ет өнімдерінің экспортын арттыру көзделген. Осыған байланысты, ет өнімі үшін Ресей нарығы үлкен әлеуетке ие болуы мүмкін, өйткені Ресейде соңғы жылдарда ет өнімі импортының тұрақты өсу тенденциясы байқалған.

Қайта өңделетін өнімдердің 2014 жылғы тауар айналымы 4,1 млрд. АҚШ \$. долларын құрады, бұл 2013 жылмен салыстырғанда 5,5 % кем (4,3 млрд. АҚШ \$). Соның ішінде Ресейден әкелінген қайта өңдеу өнімдерінің импорты 2013 жылғы 1 528,3 млн. АҚШ \$-нан 2014 жылы 1 375,0 млн. АҚШ \$ – на азайды. Сонымен қатар, экспорт бойынша 176,5 млн. АҚШ \$-нан 163,2 млн. АҚШ \$ – на азаю бақылануда [4].

Жалпы агроөнеркәсіп саласында көптеген мәселелер бар. Олары келесідей екі топқа бөліп қарастыруға болады:

Бірінші – бұл өндірістік сипаттағы мәселелер, оларды шешу Министрліктің құзыретіне кіреді. Өз кезегінде, өндірістік қайта өңдеуге жарамайтын өндірілген шикізаттың төмен сапасы, өндірістің маусымдылығы және жыл ішінде қайта өңдеу кәсіпорындарына шикізаттың біркелкі жеткізілмеуі, ауыл шаруашылығы шикізатын дайындау, тасымалдау және сақтау жүйесінің жетілмеуі, тамақ және қайта өңдеу өнеркәсібінің құрал-жабдықтар қорларының тозуы.

Осы мәселелерді шешу мақсатында «Агробизнес – 2020» салалық бағдарламасы шеңберінде

саланың техникалық және технологиялық қайта қарулануына, қаржы ресурстарының қолжетімділігін арттыруға, агробизнесінің тиімді дамуына жағдай жасауға бағытталған нақты шаралар қарастырылған. Алдағы уақытта біздің өнімдеріміздің бәсекеге қабілеттілігін, оның өзіндік құнын төмендету және сапасын арттыру арқылы тек қана ішкі нарықта ғана емес, сыртқы нарықта да арттыруға көмектеседі және олардың экспорттық мүмкіндіктерін арттырады.

Екінші – ол өнімді сатуға байланысты мәселелер, бұл мәселелер шешу басқа мемлекеттік органдардың тиімді жұмыс жасауына байланысты болып келеді. Талдау жүргізу сату нарығының шектеулі болуының себебі бірінші кезекте ішкі тұтыну нарығында жоғары импорт үлесінің болуымен негізделгенін көрсетті. Мысалы, импорт үлесі ірімшік және сүзбе бойынша 51,2%-ды, ұннан жасалған кондитерлік бұйымдар бойынша 51,8%-ды, маргарин бойынша 36,4%-ды, сары май бойынша 39,9%-ды құрайды. Жыл сайын импортталатын өнімдердің бағасы 1115,4 млн. АҚШ \$-ын құрайды, соның ішінде 413,2 млн. АҚШ \$ – сүт өнімдері, 248,4 млн. АҚШ \$ – ақ қант және құрақ қант, 290,8 млн. \$ США шоколад және кондитерлік бұйымдар, 79,8 млн. АҚШ \$ – өсімдік майы, 83,2 млн. АҚШ \$ – шұжық өнімдері. Өз кезегінде, ішкі нарықта импорт үлесінің жоғары болуы ішкі нарықтың импорттық тауарлардың жасырын демпингтен жеткілікті түрде қорғалмауы, отандық өнімдерді жүйелі сатуға арналған жағдайдың болмауы, техникалық реттеу саласындағы заңнаманың орындалуын бақылау жүйесінің іс-жүзінде қолданылмауы болып келеді.

Ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу мен тамық өнеркәсібін дамыту жөніндегі 2014 –

2015 жылдарға арналған іс-шаралардың Кешенді жоспарында көзделген. Атап өтер болсақ, біріншіден, бұл еліміздің ішкі азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша таяудағы 10 жылға арналған Қазақстан Республикасының стратегиялық міндеттерінің бірін орындауға қатысты мемлекет Басшысының тапсырмасын орындау, атап айтқанда, 80%-ға дейін еліміздің ішкі тұтынуындағы отандық өнімдер өндірісінің үлесін ұлғайту.

Екіншіден, жоғарғы қосылған құнымен терең қайта өңделетін өнімдердің экспорттық әлеуетін ұлғайту.

Үшіншіден, қайта өңдеу кәсіпорындарына олардың қаржылық қызметін жақсарту мен аталған салаға инвестицияларды тарту мақсатында әрі қарай мемлекеттік қолдауды қамтамасыз ету.

Қорыта келе айтар болсақ, ауыл шаруашылығы өнім өндірісінің тиімділігі экономикалық, әлеуметтік, саяси, технологиялық және адам әрекеті немесе әрекетсіздігі нәтижесінде туындайтын түрлі факторларға тәуелді. Бірақ экономиканың басқа секторларына қарағанда ауыл шаруашылығында күтпеген және жойқын факторлардың үлесі жоғары. Олардың ішінде әсіресе суық ұру, бұршақ, сел, аурулар, құрғақшылық сияқты түрлі сипатта болатын табиғи және ауа райы құбылыстарының шығыны жоғары болатынын атап айтсақ болады. Мұндай күтпеген факторлардың әсерінен ауыл шаруашылығы өндірісінің өнімділігі төмендеп, ал кей жағдайларда мүлдем жойылуына алып келу ықтималдылығы жоғары. Сондықтан, әрбір ауыл шаруашылығы кәсіпорындары мен шаруа қожалықтарында осындай факторларды ескеретін тәуекелді басқару жүйесі қажет.

#### Әдебиеттер

- 1 Назарбаев Н.Ә. ҚР Президентінің Қазақстан халқына жолдау «Әлеуметтік-экономикалық модернизация-Қазақстан дамуының басты бағыты». Астана. 27 қаңтар, 2012 ж.
- 2 Назарбаев Н.Ә. ҚР Президентінің Қазақстан халқына жолдауы «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз», Астана. 28 қаңтар, 2011 ж.
- 3 Оңтүстік Қазақстан Облысы Статистика департаменті: Оңтүстік Қазақстан Облысы және оның өңірлері. – Шымкент, 2014ж.
- 4 Қалиева С.А., э.ғ.д., Мелдеханова М.К., э.ғ.д., Қазақстан Республикасының тұрғындарын жұмысбастылықпен қамтамасыз етудің тұжырымдамасы// Экономика институты қалыптасқан мемлекеттің жаңа экономикалық бағыты: Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдаған «Қазақстан – 2050» Стратегиясы» жолдауын жүзеге асыру жолдары мен ұсыныстары. Алматы, 2013 ж.

#### References

- 1 Nazarbayev N. President Kazakhstan Halina goldau «Lemmetty-economical modernisation-Kazakhstan damuni Busta bacity». Astana. Antar 27, 2012.
- 2 Nazarbayev N. President Kazakhstan Halina goldau «Boleti RESn brge alamys», Astana. Antar 28, 2011.

3 Ontustik Kazakstan Oblast Statistics Department: South Kazakhstan Oblast and оның Li.- Shymkent, 2014ж.

4 Alieva S. A. E. à.d., Meldehanova M. K., E. à.d., Independence of the Republic of Kazakhstan trinary masbatenyo artemisis etud thirumbumaa// ECONOMICS INSTITUTIONS ALIPASIN MEMLEKETT ZHANA ECONOMICALLY BAITY: President independence of the Republic of Kazakhstan N. ..Nazarbaeva Halyna Golden Kazakhstan «Kazakhstan-2050» Strategies» Goldwyn ISEGA Asaru Zholdary Myung sanitary Almaty, 2013ж